

## Қымбатты жерлестер!

*Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

Бұл күн – тарихи маңызы зор күн. Өйткені 1 желтоқсанда жаңа егемен мемлекеттің іргетасын қалаған Президентіміз ел тізгінін қолға алды. Биыл жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалар Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бүкіл әлемдік қауымдастық мойындаған ғаламдық бастамалармен қатар еліміздің ішкі саясатына да ерекше назар аударатын Ұлт Көшбасшысы екенін тағы бір айқындады.

Біз президенттік институтқа батыл қадам басып, көптеген биіктерді бағындырып, халықаралық деңгейде құрметке ие болған елміз. Алдағы уақытта да, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп дана бабаларымыз айтқандай, Тұңғыш Президентіміздің жасампаз да



көреген бастамаларын бір кісідей қолдап, оларды жүзеге асыруға барша қоғам болып атсалыссақ, біздің ала алмайтын асуымыз болмайды.

Халқымыздың ынтымағы мен еліміздің абыройын арттыратын осынау мереке күні Сіздерге амандық, мықты денсаулық пен бақыт-береке тілеймін!

**Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ,**  
**Б.Алтынсарин атындағы**  
**Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының**  
**ректоры, г.ғ.д., профессор.**